

# ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ: АДАЛ АЗАМАТ, БІЛІКТІ МАМАН

Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді. Осындай үрдісті қолға алған Іле ауданында дәстүрлі тамыз педагогикалық конференциясы өтті. Жыл сайынғы басқосу ұстаздар қауымына жаңа оқу жылына тың серпін беріп, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылайтын маңызды алаңға айналды.

Биылғы конференцияның тақырыбы – «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман». Мақсаты: Қазақстандық білім беру мазмұнын жаңарту мен инновациялық менеджмент сапасын жетілдіру аясында білім саласындағы тың жаңалықтарды тәжірибеге енгізу жолдарын анықтау.

Жиын басталар алдында қонақтар ең әуелі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзін тыңлап, оқушылардың шығармашылық көрмесімен танысты. Көрмеге қолөнер бұйымдары мен ғылыми жобалар қойылып, жас ұрпақтың ізденімпаздығы мен таланты айқын көрінді. Жалпы бұл панельдік сессияға 1045 адам қатысты.

Директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарларына «Білім

саласындағы жаңалықтар мен өткен оқу жылындағы жетістіктерді» аудандық әдістемелік бөлімінің басшысы А.Сарсенбаева таныстырылым арқылы айтып өтсе, «Сапалы білім мен тәрбиенің жаңа форматы: жасанды интеллект, адалдық және үздіксіз даму» тақырыбында аудандық әдіскерлер ассоциациясы жетекшісі, №40 ОМ әдістеме ісі жөніндегі орынбасары екінші санатты басшының орынбасары Шаттық Абдимуслимовна тоқталды. Келесі сөзді Ә.Молдабеков атындағы №6 ОМ директордың әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, екінші санатты басшының орынбасары Кумусай Баратбаевна «Нормативті-құқықтық құжаттармен жұмыс» туралы баяндама жасаса, №39 мектеп директорларының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары, екінші санатты басшының орынбасары Гульзира Пешентайқызы «2025-2026 оқу жылындағы ӘНХ ерекшеліктері мен толықтырулар» туралы мағлұмат берді. Соңғы сөзді Б.Соқпақбаев атындағы №53 орта мектептің әдістеме ісі жөніндегі орынбасары үшінші санатты басшының орынбасары Мешел Нурсауле «Ғылыми жоба конкурстарына оқушыларды дайындаудың тиімді әдіс-тәсілдері (гуманитарлық бағыттар бойынша)» туралы таныстырылым көрсете сөйледі. Өсіресе ортамызға жаңадан қосылып жатқан өріптестер бүгінгі жиыннан үйренгендері көп болды.

Жиын барысында Аян Кыдырқожаевна бізге арнап сөз сөйлеп, білім сапасын арттыру үшін кешенді шараларды жүзеге асыру қажеттігін атап өтті:

– «Біз сіздерден кәсіби шешімдерді, шығармашылық белсенділікті және тың ізденістерді күтеміз. Өрбір ата-ана өз баласының болашағын ұстаздарға сеніп тапсырады. Сондықтан оқушылардың жан-жақты дамуы, саналы азамат болып қалыптасуы – ең алдымен ұстаздардың кәсіби біліктіліктері мен ұмтылыстарына байланысты. Сіздер ұстаздардың кәсіби өсуі мен шығармашылықпен айналысуына ықпал етесіздер. Осы жолда жасап жатқан еңбектеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін», – деді.

Сонымен қатар, жиын барысында Мемлекет басшысының педагогтердің кәсіби дамуы, білім сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ арасында зиянды құбылыстарға төзбеушілік көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап өткені де айтылды.

Тамыз конференциясы ұстаздар қауымына жаңа серпін сыйлап, білім саласының даму бағытын айқындады. Білім – аудан дамуының басты тірегі. Ұстаздар, ата-аналар және билік өкілдерінің бірлескен еңбегімен аудан алдағы уақытта да жаңа жетістіктерге жететініне сенім мол.

*Айгуль ЖАБЕЛ,  
№21 орта мектептің ДӘІЖО*



@ILE\_AKIMAT  
@ILE\_TANY



№37 (5147)

Алматы және Жетісу облыстық  
қоғамдық-саяси апталық

12 қыркүйек (жұма)  
сентября (пятница) 2025 жыл  
год

Алматинская-Жетісуская областная  
общественно-политический еженедельник

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Құрметті  
депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды. Қызметтеріңізге табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды.

Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет.

Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!

Құрметті Парламент депутаттары және  
Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты.

Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында өсіреуілтшылдық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мен-маңызы кете бастады.

Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда.

Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батуда.

Батыстағы этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени әралуандық тұжырымдамасы дағдарысқа ұшырады.

Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-қон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы да өршіп тұр.

Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жасанды интеллектіні пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды.

Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгере бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастады.

Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан.

Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Әскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға ортақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жетуіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі, бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, соңғы жылдары Қазақстанда



ауқымды өзгерістер жасалды.

(Жалғасы 2-3-4-5-6-7-беттерде).

## ЖОЛДАУДЫ ҚОЛДАУ – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ

кеттік органдарға, бизнеске және азаматтық секторға алдағы кезеңдегі басты бағыттарды нақты шешімдермен ұсынды.

Бұл Жолдау ел дамуының үш негізгі бағытын қамтиды: экономика, әлеуметтік саясат және сыртқы саясат. Мемлекеттік тіректі жүйенің, азаматтық қоғам мен ел өркендеуінің негізі ретінде көрсетілді.

Қосымша – 2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылы деп жарияланды. Бұл – техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға, мамандықтардың беделін арттыруға бағытталған нақты қадам.

### ҚАЗАҚСТАН – ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ЕЛІ

Президенттің «Қазақстан міндетті түрде цифрлық ел болуы керек» деген сөзінде ұлттың болашағына бағытталған аса маңызды стратегиялық мақсат жатыр. Бүгінгі әлемде цифрлық даму – жай ғана таңдау емес, бұл – өркениеттің негізгі талабы, мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын басты фактор.

Қазіргі заманның бұлыңғырлығы мен тұрақсыздығы жағдайында цифрландыру мен жасанды интеллект адам өмірінің барлық саласына еніп жатыр. Дәл осы кезде Қазақстанның дұрыс бағыт таңдауы – уақыттың өзі талап етіп отырған қадам. Егер біз бұл үдерістен қалыс қалсақ, онда мемлекетіміздің экономикасы, білім беру жүйесі, тіпті ұлттық қауіпсіздігі де қатерге ұшырауы мүмкін. Сондықтан Президенттің батыл шешімі – елдің дамуы мен болашағы үшін тарихи жауапкершіліктің көрінісі.

### НЕГЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МАҢЫЗДЫ?

Экономика: Жаңа технологиялар өндірісті жеделдетіп, жаңа жұмыс орындарын ашады.

Білім: Жасанды интеллект пен цифрлық құралдар

жастарға жаңа дағдыларды меңгеруге жол ашады.

Әділдік пен ашықтық: Мемлекеттік басқарудағы цифрлық жүйе жемқорлықты азайтып, халық сенімін күшейтеді.

Қауіпсіздік: Цифрлық инфрақұрылым ұлттық қауіпсіздіктің басты тіректерінің біріне айналады.

Президент атап өткендей, соңғы жылдары елімізде саяси, әлеуметтік және экономикалық салада ауқымды өзгерістер жасалды. Енді осы реформалардың нәтижесін күшейтетін негізгі құрал – жаппай цифрландыру. Бұл тек мемлекеттік деңгейдегі шара емес, әрбір азаматтың санасына сіңуі тиіс құндылық.

Жасанды интеллект пен жаңа технологиялардың қарқынды дамуы жастардың дүниетанымын түбегейлі өзгертуде. Біз бұл өзгерісті қабылдап қана қоймай, оны елдің дамуына тиімді бағытта қолдануымыз керек.

Сондықтан Қазақстанның үш жыл ішінде толыққанды цифрлық елге айналуы – ұлттың болашағы үшін шешуші қадам. Бұл тек экономикалық емес, мәдени, әлеуметтік және ұлттық тұрғыдан да жаңғыруды білдіреді.

Осы орайда, Президенттің бастамасы – заман талабына сай өршіл әрі көреген қадам. Бұл мақсатқа жету үшін мемлекет пен қоғам, билік пен халық бірлесе әрекет етуі қажет. Өйткені цифрландыру – Қазақстанның әлемдік өркениетке өтене араласуының кепілі, ұлттық қауіпсіздік пен ұрпақ бақытының алғышарты.

Ел болашағына деген сенім мен өзгерістерге дайындық – бүгінгі басты үндеу. Бізге бірге ұмтылу - берекелі болашақ кепілі!

Алмасбек САТИБАЕВ, «АМАНАТ» партиясы  
Іле аудандық филиалының төрағасы



2025 жылы 8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Халқына дәстүрлі Жолдауын жариялады. Бұл маңызды құжат мемле-



## БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ



«Халық пен халықты теңестіретін - білім» - деп қазақтың абызы Мұхтар Әуезов айтқандай, білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің өмірлік мақсатымыз. Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім берудегі ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін әрбір мұғалімнің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа қарым – қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Осындай үрдісті біздің мектептің бастауыш әдістемелік бірлестік қолға алып «Білім сапасын арттырудың негізгі шарты-жаңа технологияларды қолдану» тақырыбында онкүндік қазан айының 07-17 аралығында өткізді. 7 қазан күні онкүндіктің ашылу рәсімі өтіп, мектеп директоры Адиганов Қуат Алимжанұлы бірлестік ұстаздарына сәттілік тіледі. Апталық барысында жаңа технология, жасанды интеллект, оқытудағы сансыз платформаларды қолданып ашық сабақ өткізген мұғалімдеріміз бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы С. Ильяшева 8 қазан күні 3 «А» сыныптың оқушыларымен математика пәнінен «Мүмкін-

діктер тармағы» тақырыбында ашық сабақ көрсетіп, өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Бастауыш сынып мұғалімі Т. Игибаева 16 қазан күні 4«Ә» сынып оқушыларымен әдебиеттік оқу пәнінен «Жақсы деген немене? Жаман деген немене?» тақырыбында ашық сабақ көрсетіп, өз іс-тәжірибесін ортаға салды. 1«А» сыныбында бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы М. Маканованың ұйымдастыруымен Әліппе сабағынан «Ққ дыбысы мен әрпі» тақырыбында ашық сабақ өтті.

Сабақ барысында білім алушылар сабақ мақсатына байланысты «Сақина салу» ойыны, «Түртіп алу», «Ойлан тап»

әдіс-тәсілдері қолданылып, сабақ соңында «Үш Қ» әдісі арқылы рефлексиямен аяқтады. Сабақ өз мақсатына жетті. Білім алушылар «Ққ дыбысы мен әрпін» толық меңгеріп, мәнерлеп, буынға бөліп, толық оқи алды. 1 «Б» сыныбында «Буква Кк» және 4 «Б» сыныбында математика пәнінен «Уақыт. Жылдамдық. Қашықтық» тақырыбында ашық сабақты өткізген бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы С. Байбекова. Сабақ барысында білім алушылар сабақ мақсатына байланысты, «ЖИ», «wordwall», «stopwath», «geneely» платформалары қолданылып, сабақта уақыты тиімді пайдаланылды. Сабақ өз мақсатына жетті.

Әр мұғалім өткізген сабақ жоғары деңгейде, әдістемелік жағынан сауатты құрылып, өтілді. Ашық сабақтан басқа бастауыш сыныптар арасында «Туған жердей – жер болмас, туған елдей – ел болмас» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы бастауыш сынып мұғалімдері М. Байзакова мен К. Серекееваның бастамасымен жоғары деңгейде өткізілді. Оқушылар тәуелсіздік пен туған жер туралы өлеңдерін

нақышына келтіре оқыды. «Еңбек өтсең жетесің, Өрлеп таудың шыңына» тақырыбындағы қол өнер көрмесін бастауыш сынып мұғалімдері С. Оразахынова мен С. Қожа ұйымдастырды. Апталық «Рәміздер» онкүндігімен тұспа-тұс келгендіктен «Рәміздер-мақтанышым» тақырыбында сурет көрмесін бастауыш сынып мұғалімі А. Батнияз ұйымдастырып, оқушылар талапқа сай суреттер салып марапатталды. Ортамызға биыл келген жас маман С. Тоғысоваға да жан-жақты әдістемелік көмек берілуде. Апталық өткізу барысында бізді қолдап, жұмыс жасауымызға еркіндік беріп, әр өткізген шара барысында мотивация айтып отырған мектеп директоры Қуат Алимжановичке, директордың әдістеме ісі жөніндегі орынба-



сары Айгуль Жабеловнаға және әдістемелік бірлестіктегі барлық бастауыш сынып ұстаздарына зор алғыс айтамын. Мектебіміз биіктерден көрініп, абыройы асқақтай берсін. Ұлтын сүйетін ұлтжанды, адал шәкірт тәрбиелей берейік!

**Сағыныш БАЙБЕКОВА,**  
бастауыш әдістемелік бірлестігінің жетекшісі  
№21 орта мектебі